

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 ақпандағы N 145 және 2005 жылғы 6 сәуірдегі N 310 қаулыларына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 сәуірдегі N 294 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар енгізілсін :

1) "Акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындарды, акционерлік қоғамдарды және олардағы мемлекеттік қатысу үлестерінің мөлшері қатысушылардың жалпы жиналысының шешімін анықтауға мемлекетке мүмкіндік беретін жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді оңтайландыру мақсатымен олардың әкімшілік шығыстарының мониторингін жүргізу тетігін анықтау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 ақпандағы N 145 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., N 7, 73-құжат):

1 - т а р м а қ т а :

"Самұрық" мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі" деген сөздерден кейін ", "ҚазАгро" ұлттық холдингі" деген сөздермен толықтырылсын;

2) "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері " туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі N 310 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., N 14, 168-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:

Акционерлік қоғамдар»деген 2-бөлімде:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 66-2-жолмен толықтырылсын:

"66-2.»"ҚазАгро" ұлттық холдингі" акционерлік қоғамы".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі